Жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналына осындай шартты валюталық бақылауға қабылдағаны туралы ақпаратты енгізгеннен кейін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырады.

24. Жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) алдыңғы есептік тіркеу банкінен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты алған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат алу үшін Ұлттық Банкке сұрату жібереді.

Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа есептік тіркеу банкіне Ұлттық Банкте бар мынадай:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларға арналған декларациялар жөнінде;

2) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы;

3) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша;

4) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша электрондық шот-фактуралар жөнінде ақпарат жібереді.

4-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу тәртібі

25. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдері аяқталғаннан кейін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алып тастайды.

Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу экспортердің немесе импортердің еркін нысанда берген өтініші негізінде жүзеге асырылады. Қағидалардың 26-тармағының 2), 3), 13) және 14) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу туралы өтініште экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт

немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуын тоқтату туралы қосымша ақпаратты көрсетеді.

Қағидалардың 26-тармағының 5), 6), 7), 8), 15), 16), 17), 18), 19), 21) және 22) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, есептік нөмір берілген күннен кейін күнтізбелік 1 (бір) жыл өткен соң міндеттемелері орындалмаған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа қатысты Қағидалардың 26-тармағының 20) тармақшасында көзделген негіз бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 27-тармағында көзделген жағдайда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті өтінішін алмастан жүзеге асырылады.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорттаушының немесе импорттаушының есептік тіркеуден алу негіздерін растайтын құжаттармен бірге өтініші келіп түскен күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алуды жүзеге асырады.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 22 және 31-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы экспорттаушыға немесе импорттаушыға еркін нысанда хабарлайды.

Есептік тіркеуден алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша досье есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкте (оның филиалында) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалында экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде сақталады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

26. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару үшін мыналар:

1) Қағидалардың осы тармағының 23) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін толық көлемде орындауы, бас тартылған, мақұлданған, борышкер мен кредитор бір тұлға болған, мемлекеттік органның актісін орындау, шығару мүмкін болмаған жағдайларда, экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт

бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттар болған кезде міндеттемелердің тоқтатылуы;

2) бейрезидентке бұрын алынған тауарларды, электрондық ақшаны қайтару, бейрезидентке зияткерлік меншік объектілеріне бұрын берілген ішінара айрықша құқықтарды қайтару, бейрезидентке бұрын жалға алу үшін берген мүлкін қайтару не бейрезиденттің міндеттемелерін орындамауына байланысты бейрезиденттің импорт жөніндегі валюталық шартты төлеуге алған пайдаланылмаған аванстық төлемді импорттаушыға қайтаруы;

3) бейрезидент тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда бұрын жөнелтілген тауарларды, электрондық ақшаны экспорттаушыға қайтаруы, экспорттаушыға зияткерлік меншік объектілеріне бұрын берілген ішінара айрықша құқықтарды қайтаруы, экспорттаушыға бұрын жалға беру үшін берілген мүлікті қайтаруы не экспорттаушы тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда экспорттаушы экспорт жөніндегі валюталық шартты төлеуге алған валютаны бейрезидентке қайтаруы;

4) экспорттаушы немесе импорттаушы бейрезидент алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған бейрезидент тарапынан шағым-талаптың жоқтығын растайтын құжаттарды ұсыну;

5) дара кәсіпкерлікті жеке жүзеге асыратын экспорттаушының немесе импорттаушының Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударуы туралы уәкілетті органының растауы;

6) тараптардың міндеттемелерді балама орындауы немесе бейрезиденттің не экспорттаушының немесе импорттаушының 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешек қалдығының болуы шартымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың болмауы;

7) бейрезидентті тарату немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің не шет мемлекеттің өзге уәкілетті мемлекеттік органы құжатының болуы;

8) экспорттаушыны немесе импорттаушыны тарату және құқықтық мирасқордың болмауы;

9) Қағидалардың осы тармағының 21) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 9-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда репатриациялау талаптарының толық орындалуы;

10) ақшалай талапты басқаға бере отырып (факторинг) қаржыландыруға арналған шарт шеңберінде экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына ақшаның түсуі;

11) уәкілетті банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айыру;

12) уәкілетті банктің (оның филиалының) тараптар импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған не бейрезиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешегінің қалдығы болған кезде импорттаушы импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есеп айырысу үшін шығарған бейрезидент ұсынған вексельді есепке алуы;

13) Қағидалардың 64-тармағын ескере отырып, бейрезиденттің келісімін растайтын құжаттар негізінде экспорттаушының немесе импорттаушының басқа резидентке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезидент алдындағы өз борышын аударуы;

14) Қағидалардың 64-тармағын ескере отырып растайтын құжаттар болған кезде экспорттаушының немесе импорттаушының бейрезидентке талап ету құқығын басқа резидентке беруі;

15) дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспорттаушының немесе импорттаушының қайтыс болғандығы, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылуы туралы мемлекеттік орган немесе өзге уәкілетті орган құжатының болуы;

16) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алуға жатқызған күннен бастап 3 (үш) жыл өтуі;

17) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 21 – 24-тармақтарын ескере отырып, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есептік тіркеу банкін өзгертуі;

18) уәкілетті банкті мәжбүрлеп тарату;

19) Қағидалардың 65-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, сот органының немесе өзге де мемлекеттік органның, төреліктің бейрезиденттен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алуы және (немесе) оның өтеуі туралы шешімінің болуы;

20) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы;

21) бейрезидент пен экспорттаушы немесе импорттаушы арасындағы бастапқы міндеттемені осы тұлғалар арасындағы өзге нысандағы немесе өзге орындау тәсілін көздейтін басқа міндеттемеге ауыстыра отырып бейрезиденттің шарт бойынша міндеттемелерін тоқтату;

22) КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес іскерлік қатынастарды тоқтату;

23) экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін тоқтату туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттары (болған жағдайда) болған

кезде бейрезиденттің не резиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын баламадағы берешегі қалдығының болуы негіз болып табылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

5-тарау. Уәкілетті банк клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатқан кезде экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының сақталуын бақылау ерекшеліктері

27. Егер есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) жүргізген рәсімдердің қорытындылары бойынша ішкі бақылау қағидаларына сәйкес экспорттаушымен немесе импорттаушымен КЖТҚК туралы заңына сәйкес іскерлік қатынастарды тоқтату үшін негіздер болса, онда есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоса алғанда, оны есептік тіркеуден алып тастауы Қағидалардың 26-тармағы 22) тармақшасының негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша берешек сомасына қарамастан және егер Қағидалардың 26-тармағында көзделген есептік тіркеуден экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты алудың өзге негіздері болмаса жүзеге асырылады.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) іскерлік қатынастарды тоқтату мақсатында экспорттаушының немесе импорттаушының атына өзінің ниеті мен банк клиентінің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) қызмет көрсетуге аудару шараларын қабылдау қажеттігін көрсете отырып, еркін нысанда хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жібереді.

28. Экспорттаушы немесе импорттаушы Қағидалардың 27-тармағында көзделген хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қағидалардың 20-тармағын ескере отырып, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) ауысуды қамтамасыз етеді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) қызмет көрсетуге ауыстыру шараларын қамтамасыз ету мақсатында экспорттаушы немесе импорттаушы оң нәтиже алғанға дейін Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау туралы жазбаша өтініш негізінде өзге уәкілетті банктерге (олардың филиалдарына) өтініш береді.

29. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) экспорттаушы немесе импорттаушы басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) қызмет көрсетуге ауысқан кезде Қағидалардың 22-тармағында көзделген мерзімдерде Қағидалардың 26-тармағының 17) тармақшасының негізінде экспорттау немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алады.

30. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) экспорттаушының немесе импорттаушының басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) қызмет көрсетуге ауысуын қамтамасыз етпеген жағдайда, хабарлама жіберілген күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде іскерлік қатынастарды жалғастыру не экспорттаушымен немесе импорттаушымен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан алынған есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенін растайтын құжаттар негізінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорттаушымен немесе импорттаушымен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы негізделген шешім қабылдауы үшін есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) шешім қабылдауға әсер ететін барлық мән-жайларды ескереді.

31. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 26-тармағы 22) тармақшасының негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылаудан алады.

32. Қағидалардың 26-тармағы 22) тармақшасының негізінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкте (оның филиалында) есептік тіркеуден алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт Қағидалардың 52-тармағына сәйкес мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінде жеке есепке алынуға жатады.

6-тарау. Ақша қозғалысын және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді өзге де орындауды және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты және (немесе) құжаттарды беруді мониторингтеу тәртібі

33. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты есептік нөмір берілген, есептік тіркеуден шығарылған, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталғаны жөнінде ақпарат беру туралы сұратуын алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жібереді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа бұрын жіберілген ақпаратты өзгертетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы

құжаттарды қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді, оларға сәйкес осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенін растайтын құжаттарды қабылдайды және ақша қозғалысының мониторингін және осындай өзгерістерді ескере отырып, осындай шарт бойынша міндеттемелердің өзге де орындалуын жүзеге асыруды жалғастырады.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

34. Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен (оның филиалынан) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

35. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) Ұлттық Банкке Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты міндеттемелер орындалған жағдайда мынадай мерзімдерде:

1) төлем карточкаларын пайдаланбай экспорттаушының немесе импорттаушының уәкілетті банктегі (оның филиалындағы) банктік шоттары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

2) төлем карточкаларын пайдалана отырып және (немесе) өзге тәсілмен төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру арқылы – экспорттаушы немесе импорттаушы не валюталық шартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банк растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

Есеп айырысулардың вексельдік нысанын көздейтін есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша уәкілетті банк Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау

жөніндегі ақпаратты Қағидалардың 68-тармағының бірінші бөлігіндегі 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жібереді.

36. Ұлттық Банк уәкілетті банктен (оның филиалынан) Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жібереді.

37. Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі бөлінісінде:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларға арналған декларациялар бойынша;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша;

3) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт бойынша валюталық шарт бойынша электрондық шот-фактуралар жөніндегі ақпаратты күн сайын жібереді.

Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банктері болып табылатын уәкілетті банктерге (оның филиалына) немесе есептік тіркеу банктері болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына жібереді.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 98 және ҚР Қаржы министрінің 26.12.2025 № 809 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

38. Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке бұрын мемлекеттік кіріс органы жіберген ақпаратқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар декларациялары бойынша ақпаратты – тауарлар декларациясының өзгергені туралы мәліметтер келіп түскен күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты – тауарлар әкелу туралы өтініштерге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

3) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт жөніндегі валюталық шарт бойынша электрондық шот-фактуралар

бойынша ақпаратты - электрондық шот-фактураларды өзгерту туралы мәліметтер түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік кірістер органынан ақпарат алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктерге немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын аумақтық филиалдарға жібереді.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 98 және ҚР Қаржы министрінің 26.12.2025 № 809 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

39. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің уәкілетті лауазымды адамы Қағидаларға сәйкес есептік нөмір беру талап етілетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларға декларацияны, тауарларды әкелу туралы өтінішті, электрондық шот-фактураны ресімдеу кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы тауарларға арналған декларацияда, тауарларды әкелу туралы өтініште, электрондық шот-фактурада мәлімдеген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін Қағидалардың 34-тармағына сәйкес есепке алу нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша алынған ақпаратпен салыстырып тексереді.

Экспорттаушы немесе импорттаушы нақты ақпаратпен сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден немесе салық заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларға арналған декларацияға, тауарларды әкелу туралы өтінішке, электрондық шот-фактураға тиісті түзетулер енгізеді.

40. Уәкілетті банк (оның филиалы) баламасы 10 (он мың) АҚШ долларынан бастап 50 000 (елу мың) АҚШ долларына дейін (қоса алғанда) сомаға жасалған, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар шеңберінде жүзеге асырылатын төлемдер мен (немесе) ақша аударымдарының мониторингін жүзеге асырады.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі осындай валюталық шарттар бойынша экспорттаушы алған немесе импорттаушы жіберген ақшаның жалпы сомасы есепті айда 100 000 (бір жүз) мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, уәкілетті банк Ұлттық Банкке есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін (қоса алғанда) репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсатында мемлекеттік кірістер органына берілетін, Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 100 000 (бір жүз) мың Америка Құрама Штаттарының доллары баламасынан асатын сомаға экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025

бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

41. Экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын шетелдік банктегі банктік шот арқылы жүргізген кезде есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырма) дейін (қоса алғанда) ай сайын есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына:

1) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты;

2) шетелдік банктегі шот бойынша үзінді-көшірмені ұсынады.

42. Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған, Қағидалардың 41-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органына жібереді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

7-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау тәртібі

43. Есептік нөмір алу талабы қолданылатын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын экспорттаушы немесе импорттаушы есептік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті банк (оның филиалы) арқылы жүзеге асырады.

Осындай шарт бойынша басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) ақша түскен кезде соңғысы өзінің резидент клиентінің банктік шотына Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті банкке (оның филиалына) экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті нұсқауы (төлем құжаты) негізінде түскен ақшаны келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аударып отырып есепке алады. Экспорттаушы немесе импорттаушы ақша аударуға арналған нұсқауға есептік нөмір беру туралы белгі қойылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт парағының көшірмесін не валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы еркін нысандағы хабарламаның көшірмесін қоса береді.

Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, экспорттаушыға немесе импорттаушыға экспорт немесе импорт жөніндегі

валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын уәкілетті банк (оның филиалы) арқылы жүзеге асырмауға рұқсат етіледі.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

44. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт АҚШ долларынан өзгеше валютамен көрсетілсе, бейрезиденттің орындамаған міндеттемелерінің сомасы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен, оны кейіннен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күніндегі валюталар айырбастаудың ресми бағамын пайдалана отырып, АҚШ долларымен қайта есептей отырып, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен есептеледі.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару мақсаты үшін орындалмаған міндеттемелердің сомаларын АҚШ долларына қайта есептеу осындай шартты есептік тіркеуден шығару күнгі валюталар айырбастаудың ресми бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт міндеттемелерді орындау валютасынан өзгеше валютамен көрсетілсе және осындай шарттың тараптары міндеттемелерді орындау валютасын шарттың валютасына қайта есептеу бағамын айқындамаса, орындалған міндеттемелердің сомаларын шарттың валютасына қайта есептеу міндеттемелерді орындау күнгі валюталар айырбастаудың ресми бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен сәйкес келмесе, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен түскен соманы есепке алу:

1) төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасына қайта есептеудің осындай шарттың тараптары айқындаған бағамына сәйкес;

2) егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың тараптары төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасын осындай шарттың валютасына қайта есептеу бағамын айқындамаса, төлем және (немесе) ақша аударымы күнгі валюталар айырбастаудың ресми бағамына сәйкес жүзеге асырылады.

Бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерінің шетел валютасымен көрсетілген сомасын ұлттық валютамен қайта есептеу репатриациялау мерзімі аяқталған күнгі

валюталар айырбастаудың ресми бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

45. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есепті айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде (репатриациялау мерзімі өткен ай) Ұлттық Банкке Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын мынадай жағдайларда:

1) репатриациялау мерзімі аяқталса, ал экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезидент орындамаған міндеттемелер сомасы 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламасынан асқан жағдайда;

2) экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасау мерзімін бұзған жағдайда;

3) экспорттаушы немесе импорттаушы Қағидалардың 17-тармағында көзделген тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды беру мерзімін бұзған жағдайда жібереді.

Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен (оның филиалынан) немесе филиалынан есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген банктік бақылаудың жеке карточкасын алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 46 – 50-тармақтарында көрсетілген іс-шараларды жүргізуі мақсатында мемлекеттік кірістер органына жібереді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

46. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 45-тармағына және (немесе) Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы мен Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелеріндегі тауарларға арналған декларациялардан, тауарларды әкелу туралы өтініштерден, электрондық шот-фактуралардан алынған мәліметтерді салыстырып тексеруді жүргізеді.

47. Мемлекеттік кірістер органы мен Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелеріндегі тауарларға арналған декларациялардан, тауарларды әкелу туралы өтініштерден, электрондық шот-фактуралардан алынған мәліметтерде алшақтықтардың болмау және (немесе) болу фактісі белгіленген кезде

Қағидалардың 46-тармағында белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Ұлттық Банкке дәйекті деректерді жіберу қажеттілігі туралы мемлекеттік кірістер органын хабардар етеді.

Мемлекеттік кірістер органы аумақтық бөлімшеден осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген дәйекті мәліметтерді алған күннен кейін оларды Қағидалардың 37 және 38-тармақтарында көзделген мерзімдерде Ұлттық Банкке жібереді.

48. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Ұлттық Банктен банктік бақылаудың жеке карточкасын және (немесе) Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі көзделген экспорттаушы немесе импорттаушы жол берген Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу белгілерінің бар-жоғына салыстырып тексеру жүргізгеннен және оны анықтағаннан кейін экспорттаушыға немесе импорттаушыға мыналарды:

1) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын қамтамасыз етпеу, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге уақтылы өтініш жасамау, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін мән-жайлардың туындауын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды уақтылы ұсынбау себептері туралы жазбаша түсініктемелер;

2) бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттарды ұсыну туралы сұрату жібереді.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі сұратқан ақпаратты және (немесе) құжаттарды (олардың көшірмелерін) экспорттаушы немесе импорттаушы жазбаша сұратуда белгіленген мерзімдерде, бірақ экспорттаушы немесе импорттаушы жазбаша сұратуды алған күннен кейінгі күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

49. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі қаралатын банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпаратты және (немесе) валюталық бақылау құжаттарын (олардың көшірмелерін) және (немесе) Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты нақтылау қажет болған кезде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) және есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық

филиалының немесе таратылатын уәкілетті банктің тарату комиссиясының мекенжайына жазбаша сұрату жібереді.

50. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 20-1-бабына сәйкес жүргізілген тексеру аяқталғаннан кейін репатриациялау талабын орындау бөлігінде, оның ішінде репатриациялау талабын орындау мерзімдері мен шарттарына әсер ететін ақпаратты және (немесе) құжаттарды уақтылы ұсыну, сондай-ақ экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге уақтылы өтініш жасау бөлігінде Қағидалардың нормаларын бұзу фактісін анықтаған жағдайда, экспорттаушының немесе импорттаушының іс-әрекеттерінде жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген бұзушылықтар белгілерінің бар-жоғы (әрекетсіздігі) туралы мәселені қарайды және қажет болған кезде, құзыреті бойынша валюталық бақылаудың басқа органдарына жібереді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 98 және ҚР Қаржы министрінің 26.12.2025 № 809 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

51. Мемлекеттік кірістер органы есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырманшы) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша валюталық бақылау нәтижелері туралы ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

8-тарау. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есебін жүргізу тәртібі

52. Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінде экспорттаушының немесе импорттаушының тұрақты тұратын немесе орналасқан жері бойынша:

1) репатриациялау талабын орындамағаны және оның үстіне бұдан әрі репатриациялық бақылауға жататын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысының, тауарларды өткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің болмағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу шеңберінде экспорттаушыға немесе импорттаушыға қатысты шығарылған сот шешімі болған кезде;

2) оның тұрақты тұратын немесе орналасқан жері бойынша экспорттаушы немесе импорттаушы болмаған кезде;

3) есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) қабылдаған экспорттаушымен немесе импорттаушымен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім болған кезде;

4) есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкті мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған кезде жеке есепке алынуға тиіс.

53. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты мынадай мерзімдерде:

1) Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша – репатриациялау талабын орындамағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу шеңберінде экспорттаушыға немесе импорттаушыға қатысты шығарылған сот шешімін алған немесе тұрақты орналасқан жері бойынша экспорттаушының немесе импорттаушының жоқ екені анықталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2) Қағидалардың 52-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша – Қағидалардың 26-тармағының 22) тармақшасында көзделген негіз бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу туралы ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

3) Қағидалардың 52-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша – Қағидалардың 71-тармағының төртінші бөлігінде көзделген мерзім ішінде жеке есепке жатқызады.

Мемлекеттік кірістер органы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке жатқызған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты жібереді.

Ұлттық Банк Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты жібереді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

54. Жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан репатриациялау талабын орындау үшін қабылданған шаралар туралы ақпаратты жыл сайын сұратады.

Егер экспорттаушының немесе импорттаушының орналасқан жері белгіленбесе, мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп олардың құзыретіне сәйкес экспорттаушының немесе импорттаушының орналасқан жерін белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді.

55. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтауға арналған негіздер мыналар:

1) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт жеке есепке жатқызылған күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін;

2) Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жекелеген есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысын, тауарларды өткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді қайта бастау;

3) тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы немесе Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезиденттің не резиденттің 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламасынан аспайтын берешегі қалдығының болуы;

4) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша жаңа есептік тіркеу банкіне ауысуы болып табылады.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер болған кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен алып тастайды және Қағидалардың 56-тармағында көзделген тәртіппен оны бұрын осы шартты есептік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе бұрын осы шартты есептік тіркеуді жүзеге асырған Ұлттық Банктің аумақтық филиалына валюталық бақылауға береді.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер болған кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен алып тастайды және Қағидалардың 56-тармағында көзделген тәртіппен оны жаңа есептік тіркеу банкіне валюталық бақылауға береді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 83 және ҚР Қаржы министрінің 27.12.2024 № 886 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

56. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда ақшаның қозғалысы,

тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы есептік тіркеу банкінің ақпаратын алған сәттен бастап немесе мемлекеттік кірістер органында бар ақшаның қозғалысы, тауарлардың өткізілуі, жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі туралы ақпарат негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда 15 (он бес) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімдерді аяқтайды және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қағидалардың 55-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Ұлттық Банктен есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталуы туралы ақпаратты алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есептен шығарады және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

Ұлттық Банк мемлекеттік кірістер органынан осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты, осы тармақтың екінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жібереді.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген, Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банктен алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 26-тармағы 16) тармақшасының негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алады және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркеуден алынған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні

